

Ізтілеуов Тұрмағамбет (1882-1939)

Ізтілеуов Тұрмағамбет (1882-1939) – халық ақыны, аудармашы. Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Ленин атындағы кеңшарда (қазіргі Тұрмағамбет ауылы) дүниеге келген. Алғаш Алдашбай ахуннан оқып, сауатын ашқан. Бұқара қаласында әуелі «Мир араб» (1896-1899), кейін «Көкелташ» медресесінде (1896-1905) оқыған. Араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгерген. «Көкелташ» медресесінде тәжіктің классик жазушысы Садриддин Айнимен достасып, студенттер арасында қабырға газетін шығарып тұрған. Өзі медреседе оқып жүріп, Қарақалпақ елінде бала оқытқан. Осы тұста «Шәкірттеріме», «Ұстаз ұсынысы», «Шөлмек» өлеңдерін жазған.

Өлеңдерінің тақырыптары

білім-
ғылым

(«Балаларыма», «Ақыл
тон аңдағанға
тозбайтұғын»,
Ұлдарыма», «Абайды
оқығанда»

адамдық
пен ізгілік

(«Адамдық іс», «Жақсы
мен жаман», «Қабанға
қарсы ұмытылма ер
дегенге», «Толымды
жігіт»

сатира

(«Құрбанғалиға», «Бар»
мен «Жоқ», «Ал» мен
«Бер», «Бірге туған»,
«Құлжан биге»

сөз өнерінің
өміршеңдігі

(«Балаларыма», «Ақыл тон
аңдағанға тозбайтұғын»,
Ұлдарыма», «Абайды
оқығанда»

діни-
философия

(«Адамдық іс», «Жақсы мен
жаман», «Қабанға қарсы
ұмытылма ер дегенге»,
«Толымды жігіт» «Хазіреті
Омардың хикаялары»,
«Пендесін Алла жеткерер»,
«Бұйрық»

табиғат

«Жыл келді», «Сыр бойы»

Айтыстары

*Діни
айтыс*

- «Тұрмағамбет пен Ермұрат айтысы»

*Хат
айтыс*

- «Тұрмағамбет пен Жүрсеннің айтысы»,
«Тұрмағамбет пен Әбдікәрімнің айтысы»

*Жұмбақ
айтыс*

- «Тұрмағамбет пен Шәді төренің айтысы»

*Мысал
айтыс*

- «Көк құтан мен шымшық»

Поэмалары


- «Мәрдi дикан»,
«Рауа бану»,
«Данышпан қарт»,
«Тұтқын қыз»

Аудармасы

- Ә.Фирдоусидiң
«Шаһнамасы» 40
мың жолдық



Ізтілеуов Тұрмағамбет «Шаһнамасы»

A lit candle in a glass holder next to a quill pen resting on a dark surface. The candle is lit, with a bright flame. The quill pen is white and has a dark band near the tip. The background is a textured, light brown surface.

Ақын 1936 жылы Ә.Фирдоусидің «Шаһнамасын» қазақ тіліне еркін аударма жасаған (40 мың жол). Бұл шығарманы М.Әуезов, С.Сейфуллин, Т.Жүргенов, т. б. жоғары бағалаған. Туындының «Рүстем – Дастан» аталатын бөлімі 1961 жылы, «Шаһнама. Рүстем – Дастан» деген атпен толықтырылған нұсқасы 2004 жылы жарық көрген. Өлеңдері «Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды», «Қасиетті Қармақшым», «Ғасырлар толқыны» жинақтарына енген. Зерттеуші М. Байділдаев Т.Ізтілеуовтің ел ауызында жүрген жырларын, тапқырлық сөздерін жинастырып, «Назым» деген атпен 1972, 1982 жылдары жарыққа шығарды. Ө. Күмісбаев Ізтілеуовтің «Рүстем – Дастанын» жүйелі түрде қарастырып, парсы тіліндегі «Шаһнамамен» салыстыра зерделеді. Ұ.Жаңбыршиева ғылыми зерттеу еңбегінде ақын шығармаларының жанрлық ерекшеліктеріне тоқталып, поэтикалық сөз жүйесін саралады. Ақын қолжазбалары Қазақстан Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтының қолжазба мәтінтану бөлімінде сақтаулы.